

## **6. Санаторлық-курорттық емделу кімдерге беріледі?**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығы «Мүгедектерге және мүгедек балаларға санаторий-курорттық емделуді ұсыну қағидасына» сәйкес Ұлы Отан соғысының ардагерлері және мүгедектеріне, мүгедектерге және мүгедек балаларға беріледі. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық органы әзірлеген мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасының (бұдан әрі – ОЖБ) негізінде жүзеге асырылады.